

«6D061300 – Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Оразов Айдын Ерғалиұлының «Шығыс Қазақстан жағдайындағы сирек және эндем Ледебур бадамы (*Amygdalus ledebouriana* Schlecht.) өсімдік түрінің популяцияларының жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ШКІР

Диссертациялық жұмыс Шығыс Қазақстан жағдайындағы сирек және эндем Ледебур бадамы *Amygdalus ledebouriana* Schlecht. немесе *Prunus ledebouriana* (Schltdl.) Y.Y.Yao өсімдігі түрінің популяцияларының қазіргі жағдайын геоботаникалық, молекулалық-генетикалық әдістермен бағалауға және биотехнологиялық тәсілмен сақтауға бағытталған.

Қазақстанның белгілі флорисі В.П.Голоскоковтың (1964) мәліметі бойынша Қазақстан флорасында сирек кездесетін таралу аймағы шектелген 760 эндемдік және 116 реликт өсімдік түрлері бар. Олардың барлығы жан-жақты зерттеуді және қорғауды қажет етеді. Бұл өсімдіктердің көпшілігі аса маңызды пайдалы қасиеттерімен сипатталады. Олардың ішінде дәрілік, дәрумендік, тағамдық, техникалық және сәндік өсімдіктер бар. Осындай сирек кездесетін эндемдік түрлердің бірі – *A. ledebouriana*.

Бұл түрдің популяцияларын кешенді зерттеу, оның құрылымдық ерекшеліктерін анықтау, қазіргі молекулалық-генетикалық әдістерді пайдалану арқылы генетикалық алуантүрлілік деңгейін анықтау және биотехнологиялық тәсілмен сақтау бойынша алынған нәтижелерді талдау осы уақытқа дейін Қазақстанда жүргізілмегендігі тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Диссертант жұмысты жүргізу барысында *A. ledebouriana* өсімдік түрінің ең үлкен популяцияларын тауып, оған геоботаникалық сипаттама беріп, ол популяциялардың кездесетін өсімдіктер қауымдарының флоралық құрамына талдау жасаған. Сонымен бірге, *A. ledebouriana* популяцияларының құрылымдық ерекшеліктерін зерттеп популяциялар арасындағы өсімдіктер морфологиялық параметрлерін анықтаған.

ITS және *matK* ДНК-маркерлерінің нуклеотиптік тізбегі негізінде *Prunus* L. туысы түрлеріне филогенетикалық талдау жасалынып *A. ledebouriana* түрінің орны анықталған.

SSR ДНК-маркерлері негізінде *Chamaeamygdalus* секциясының өсімдіктер түрлерінің популяциялары салыстырылып құрылымның ерекшеліктері бағаланған. *A. ledebouriana* өсімдігіне ұлпалық деңгейдегі *in vitro* ортасында биотехнологиялық (*ex situ*) әдісімен тұрақты асептикалық каллус клеткаларын алу регламенті жасалған. *A. ledebouriana* өсімдігі түрін сақтау шаралары ұсынылған.

Зерттеу мақсатын орындау үшін алты міндет қойылған. Алға қойылған міндеттер толық орындалған және солардың негізінде тиісті қорытынды жасалған.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері халықаралық ғылыми конференцияларында баяндалған және талқыланған жұмыстың нәтижелері 11 ғылыми еңбекте басылып шыққан, оның ішінде: 1 мақала Web of Science және 1 мақала Scopus мәліметтер базасына енетін халықаралық журналдарда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі Республикалық ғылыми журналдарда, 4 тезис халықаралық ғылыми конференцияларының материалдары жинағында жарияланып, пайдалы модельге 1 патент алынды. Барлық алынған мәліметтер жаңа болып саналады.

Сондықтан Оразов Айдын Ерғалиұлы «6D061300 – Геоботаника» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші
Биология ғылымдарының докторы,
Профессор



Мухитдинов Н.М.

